ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

06 қантар 2024 жыл Іс № 3971-24-00-2/5464 Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Абдығали А. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "KADESI" басшысы Әлімақын Баққара

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер "KADESI" басшысы Әлімақын Баққара мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "KADESI" басшысы Әлімақын Баққара мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "KADESI" басшысы Әлімақын Баққара мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске

Құжатқа қол қойылған: Абдыгали А. А., 09.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Абдыгали А. А., 21.02.2025
3971-24-3-1/5754

қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Абдығали А.**

Құжатқа қол қойылған: Абдыгали А. А., 09.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Абдыгали А. А., 21.02.2025

3971-24-3-1/5754